

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



G•GLOBAL

Х Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ӘЛЕУЕТТІ МҮМКІНДІКТЕР НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ
ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ
ӘРТАРАПТАНДЫРУЫН ЖЕДЕЛДЕТУ»**

жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының

ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

I БӨЛІМ

15 маусым 2017ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых

**«УСКОРЕНИЕ ДИВЕРСИФИКАЦИИ И ПОВЫШЕНИЕ
КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
КАЗАХСТАНА НА ОСНОВЕ ПОТЕНЦИАЛЬНЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ»**

под эгидой X Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ I

15 июня 2017г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars

**«ACCELERATING DIVERSIFICATION AND IMPROVING THE
COMPETITIVENESS OF KAZAKHSTAN'S NATIONAL ECONOMY BASED
ON POTENTIAL OPPORTUNITIES»**

in the framework of the X Astana Economic Forum

PART I

15 June 2017

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 330.(063)
ББК 65.01
Ә53

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макъш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент Бабланов Т.К.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А., к.э.н., и.о. доцента Мусина К.П.

Ә53 Әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және әртараптандыруын жеделдету: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2017.

Ускорение диверсификации и повышение конкурентоспособности национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2017.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «Accelerating diversification and improving the competitiveness of Kazakhstan's national economy based on potential opportunities » Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2017.

ISBN 978-996-31-870-2
ISBN 978-9965-31-869-6

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату және әртараптандыру жеделдетудің және ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы диверсификации национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of Kazakhstan's national economy diversification based on potential opportunities and development of recommendations for improving the competitiveness of the country's economy.

ISBN 978-996-31-870-2
ISBN 978-9965-31-869-6

УДК 330.(063)

кеңінен танылған аудиторлық ұйымдардың болуы қызмет етуші аудиторлық компаниялар арасынан аутсорсингтік компания табу қиындық туғызбайды.

Әдебиет:

1. Райзберг Б.А., Лозовский Л.Ш., Стародубцева Е.Б. Современный экономический словарь. 6-е изд., перераб. и доп. - М.: ИНФРА-М, 2011
2. Гильмиярова М.Р. Проблемы и перспективы развития бухгалтерского аутсорсинга// Аудиторские ведомости, 11/2016. – 65 с.
3. Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 қарашадағы N 304-І «Аудиторлық қызмет туралы» Заңы (2017.27.02. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

ЖАҢА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК СТАНДАРТЫМЕН ЖАЛ ЕСЕБІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Алибекова Б. А., Жуматаева Б.А., Бекбулатова А.Т.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан,
bahyt_jumataeva@mail.ru

Қазіргі таңда жал немесе лизинг көптеген ұйымдар қызметінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Ол активті иеленуге байланысты тәуекелдерді төмендетуге мүмкіндік беретін активтерді алудың тиімді көзі болып саналады. Бірақ, әрекет ететін «Жалдау» 17 ХҚЕС жал келісімшарты бойынша ұйымның активтері мен міндеттемелерінің көлемі туралы инвесторлардың айқын ақпарат алуына мүмкіндік бермейді. Ең алдымен, бұл әуе тасымалдаушылары, көтерме саудамен айналысатын және басқа да көліктік ұйымдарды қоса алғандағы листингтік ұйымдарға қатысты.

Қазіргі таңда әрекет етуші 17 ХҚЕС-қа (IAS) сәйкес көптеген жал операциялары операциялық жал ретінде көрініс табады, яғни тек қаржылық нәтиже туралы есептілікте операциялық шығындар ретінде көрінеді. Сондықтан, біздің жүргізген зерттеулеріміз нәтижесінде, қолданыста болған «Жалдау» 17 ХҚЕС-да (IAS) және жаңадан енгізілетін «Жалдау» 16 ХҚЕС-да (IFRS) қарастырылатын жал келісімшарттары есебінің ережелерінде айтарлықтай айырмашылықтар орын алатындығы анықталды [1,2]. Сәйкесінше, инвесторлар жал келісімшарты бойынша шынайы жағдайды көре алмайды. Себебі, ереже бойынша мұндай келісімшарттар туралы ақпараттар тек қаржылық есептіліктің түсіндірме жазбасында беріледі. Сондықтан көпшілік инвесторлар мен талдаушылар жал активтері мен міндеттемелерін дербес бағалауға мәжбүр, ал ол өз кезегінде олардың құнының артуына алып келеді. Бұл жағдай жалға алушы ұйым мен жалға беруші ұйымды салыстыруда инвесторларға қиындық тудырады. «Жал» 16 ХҚЕС (IFRS) қолдану арқылы тіркелген ұйымдар жал активтері мен міндеттемелері туралы шынайы көріністі баланста қаржылық жал бойынша операциялар ретінде толық көрсете алады.

Т.М. Алдарованың пікірі бойынша, шын мәнінде жалға беруші есебін жүргізу барысында 17 «Жалдау» ХҚЕС-та көрсетілген ережелер қолданылады [3, 42б.]. Олар үшін операциялық және қаржылық жал түсініктері сол қалпында қалған. Сонымен бірге, жалға беруші есебінде қаржылық жалға қатысты негізгі қарыз бен қаржылық табыстан тұратын дебиторлық борыштар көрініс табады. Негізгі қарыз жалдың инвестиция құны, ал қаржылық табыс жалға беруші жалға алушыға көрсетілген қызмет үшін алған сыйақысы болып табылады. Операциялық жалға келетін болсақ, жалға берілген объектілер бұрынғыдай жалға берушінің балансында көрініс табады және де осы объектілердің амортизациясын да жалға беруші есептейді. Елеулі өзгерістер жалға алушының жал есебіне енгізілген.

Біріншіден, жал есебінің екі жақты моделі жойылды. Осы модельге сәйкес қаржылық жал жалға алушының балансында, ал операциялық жал баланста емес, баланстан тыс пайда мен залал туралы есептілігіне қосылған операциялық шығындармен бірге көрсетіледі.

Екіншіден, барлық жал келісімшарттарын көрсететін бірыңғай модель күшіне енгізіледі. Осы модельге сәйкес қысқа мерзімді жал келісімшарттары мен құны төмен активтерден өзге барлық жал операциялары жалға алушының балансында актив және міндеттеме ретінде көрсетілуі тиіс. Яғни, бұл модель 17 «Жалдау» ХҚЕС-пен көзделген қаржылық жал келісімшарттар есебінің тәртібімен ұқсас. Осыған сәйкес жалға алушының операциялық шығындары капиталданады. Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептілігінде қысқа мерзімді жал келісімшарттары мен құны төмен активтерден өзге барлық жал келісімшарттары бойынша шығындар бұрынғыдай операциялық қызмет құрамында емес, қаржылық қызметі құрамындағы ақша қаражаттарының шығуы ретінде көрініс табады. Біздің жаңадан енгізіліп отырған және күшін жойған жалдауға қатысты халықаралық қаржылық есеп стандарттарының қолдану аясы жөніндегі жалпылама қорытындымызды төмендегі кестеден көруге болады (Кесте 1).

Кесте 1

16 «Жалдау» ХҚЕС (IFRS) және 17 «Жалдау» ХҚЕС (IAS) қолдану аясының салыстырмалы сипаттамасы

16 ХҚЕС (IFRS)	17 ХҚЕС (IAS)
<p>Б.3. Жалдың барлық түрлері, сонымен қатар басқа стандарттармен сәйкес есепке алынған белгілі келісімдерден өзге қосалқы жалгерлік келісімшарттар бойынша активтерді қолдану құқығын жалдау. Атап айтқанда:</p> <p>а) пайдалы қазбаларды, мұнайды, табиғи газ және өзгеде қалпына келмейтін табиғат ресурстарына жасалған барлауға немесе пайдалануға жалдау шарттары;</p> <p>б) 12 «Қызмет көрсету туралы концессиялық келісімдер» IFRIC қолданылатын келісімдер;</p> <p>в) жалға берушілер үшін 15 «Сату келісімшарттар бойынша түсім» ХҚЕС-пен реттелетін интеллектуалды меншігіне лицензия;</p> <p>г) жалға алушылар үшін 41 «Ауылшаруашылық» ХҚЕС-пен реттелетін биологиялық активтерді жалдау келісімшарттары мен 38 «Материалдық емес активтер» ХҚЕС-пен реттелетін кинофильмдер, бейнежазбалар, пьесалар, қолжазбалар, патенттер мен авторлық құқық сияқты объектілер бойынша лицензиялық келісімдер;</p> <p>Жалға алушылар, өзге материалдық емес активтерді жалдауға қатысты 16 ХҚЕС қолдана алады, бірақ міндетті болып табылады.</p>	<p>Б.2. Төменде берілген тізімдерді қоспағанда барлық жалдау келісім шарттары, сонымен қатар активтерді қолдануға құқық беруді көздейтін келісім шарттар, тіпті мұндай активтер пайдалану жалға берушіден активтерге техникалық қызмет көрсету бойынша маңызды қызметтерді талап ете алады:</p> <p>а) пайдалы қазбаларды, мұнайды, табиғи газ және өзгеде қалпына келмейтін табиғат ресурстарына жасалған барлауға немесе пайдалануға жалдау шарттары;</p> <p>б) кинофильмдер, бейнежазбалар, пьесалар, қолжазбалар, патенттер мен авторлық құқық сияқты объектілер бойынша лицензиялық келісімдерді қоспағанда барлық жалдау түрлерінің есебі үшін қолданылуы тиіс.</p> <p>в) жалға алушылардың қарамағындағы және есепке алуда инвестициялық жылжымайтын мүлік ретінде көрсетілген жылжымайтын мүлікті;</p> <p>г) жалға берушілердің операциялық жалға беру шарты бойынша инвестициялық жылжымайтын мүлкін;</p> <p>д) жалға алушылардың қаржылық жалдау шарты бойынша пайдаланылатын активтердің биологиялық объектілерін 41 Ауылшаруашылығы ХҚЕС-ты (IAS) қараңыз)</p> <p>е) жалға берушілер операциялық жалдау шарттары бойынша жалға берген биологиялық активтерді (41 Ауылшаруашылығы ХҚЕС-ты (IAS) қараңыз)</p> <p>е) қызмет көрсетуге келісімшарттар болып табылатын, шарт бойынша активтерді пайдалануға бір жақтан екінші жаққа пайдалануына бермейтін шарттарға қолданылмайды.</p>
<p>Ескерту: авторлармен пайдаланылған әдебиеттер негізінде құрастырылды [1,2]</p>	

Сараланып отырған стандарттардың қолдану аясын салыстыру олардың тәжірибе жүзінде айтарлықтай айырмашылықтар жоқ екендігін көрсетті.

16 «Жалдау» ХҚЕС (IFRS) және 17 «Жалдау» ХҚЕС (IAS) жіктелуі бойынша салыстырмалы сипаттамасы

16 ХҚЕС (IFRS)	17 ХҚЕС (IAS)
<p>В 9 жал келісімшартты мен қызмет көрсету келісімшарты арасындағы өзгешеліктер клиент (сатып алушы) жалданатын активті бақылай алу құқығын иеленуіне негізделеді.</p> <p>Келесідей жіктеледі:</p> <p>А) егер келісім белгілі уақыт аралығында сыйақы беру арқылы клиент белгілі бір активті пайдалануды бақылай алу құқығын берсе, жал болып табылады.</p>	<p>Жалдауды жіктеу жалдауға алған активке меншік құқығына тән тәуекелдік пен пайданы жалға алушы мен жалға берушінің қандай дәрежеде мойнына алуына негізделеді.</p> <p>Келесідей жіктеледі:</p> <p>А) егер ол иеленумен қатар жүретін айтарлықтай деңгейдегі барлық тәуекелдіктер мен пайданы меңзейтін болса, ол қаржылық жал болып табылады.</p> <p>Б) егер жалдау иеленумен қатар жүретін барлық тәуекелдіктер мен пайданы айтарлықтай меңзеуге әкеліп соқтырмаса, ол операциялық жал болып табылады.</p>
Ескерту: авторлармен пайдаланылған әдебиеттер негізінде құрастырылды [1,2]	

Аталған стандарттардың «Жалдау жіктемесі» бөлімін салыстыру нәтижесінде келесідей қорытынды жасауға болады:

- 17 «Жалдау» ХҚЕС-да келісімшарттың нысанына қарағанда мазмұнына басымдылық беріледі, сондықтан жалдау операциялық және қаржылық болып жіктеледі;

- 16 «Жалдау» ХҚЕС-да жалға алушының есебінде қысқа мерзімді жалдау, аз бағаланатын активтерден өзге кез келген жалдауды қаржылық жалдау деп қарастырады. Мұндай жіктеудің басты критерийі активтерді пайдалану құқығын алу шартының орындалу болып табылады.

17 ХҚЕС активтерге техникалық қызмет көрсетуді қоса алғанда белгіленген активтерді пайдалану құқығын беруді қарастыратын барлық жалдау бойынша келісімшарттарына қолданылады. Ал 16 ХҚЕС жалдау келісімшарттары мен қызмет көрсету келісімшарттарын бөлек қарастырады. Мұндай жіктеудің негіздемесі жалданатын активті бақылау құқығында.

Егер келісім белгілі уақыт аралығында сыйақы беру арқылы клиентке белгілі бір активті пайдалануды бақылай алу құқығын беретін болса, жал болып табылады. Сонымен қатар, егер ол активті қолданудан түкен экономикалық табыстың көп бөлігін алу иеленсе және осы активті пайдалануды басқарса, бақылау құқығы жалға алушыға көшті деп саналады. Ережеге сәйкес, актив келісімшартта айқын түрде анықталса немесе айқын емес түрде активті жалға берушіге тапсырған кезде анықталатын болса, актив бірегейлендірілген болып табылады. Егер қызмет көрсетушіде пайдалану мерзімі барысында активті алмастыру құқығын шынайы түрде иеленсе, онда актив бірегейлендірілген болып саналмайды.

Ұйым келісімшарттың толық немесе оның белгілі бір элементтерінің жалдау келісімшартына сәйкестілігіне анықтап, бекітуі қажет. Егер мұндай келісімшарттың шарттары мен мерзімі өзгертілетін болса, онда ұйым келісімшарттың толық немесе оның белгілі бір элементтерінің жалдау келісімшартына сәйкестілігін қайта тексеруі тиіс. Ескере кететін жағдай, ұйым активті бірегейлендіруге міндетті емес. Тек келісімшарттың орындалуына осы бірегейлендірілген активтің қажеттілігін анықтауы керек. Бұл жағдайда бухгалтердің кәсіби пікірінің пәні болып жалдау келісімшарттары мен ресурстардың сыйымдылығын ұсыну туралы келісімдерді бөлу табылады.

Айтатын кететін жағдай, 16 ХҚЕС-да «қызмет» ұғымына анықтама берілмеген. Сонымен қатар, ХҚЕС бойынша Кеңеспен жалдау және қызмет арасындағы бірқатар айырмашылықтар туралы айтылды. Мысалы, қызмет көрсету шартынан туындайтын құқық пен міндеттемеден жалдау нәтижесіндегі құқық пен міндеттеме өзгеше болады. Бұл жағдайдың орын жалға алушының жалдау мерзімі ішінде жалданатын активті пайдалану құқығы түрінде иеленіп, бақылауымен байланысты. Қызмет көрсету барысында клиент

келісімшарттың күшіне енгізілу күніне активті бақылау құқығына ие болмайды. Сондықтан, операцияларды жалдауға немесе қызметке жатқызудың шешуші факторы – клиенттің активті бақылау құқығының бар-жоғында.

Қорытындылай келе, әрекет ететін «Жалдау» 17 ХҚЕС жал келісімшарты бойынша ұйымның активтері мен міндеттемелерінің көлемі туралы инвесторлардың айқын ақпарат алуына мүмкіндік бермейді. Ол көптеген жал операциялары операциялық жал ретінде тек қаржылық нәтиже туралы есептілікте операциялық шығындар сияқты көрсетеді. Сондықтан, біздің жүргізген зерттеулеріміз нәтижесінде, қолданыста болған «Жалдау» 17 ХҚЕС-да (IAS) және жаңадан енгізілетін «Жалдау» 16 ХҚЕС-да (IFRS) қарастырылатын жал келісімшарттары есебінің ережелерінде, нақты айтсақ, жалдау жіктемесінде айтарлықтай айырмашылықтар орын алатындығы көрсетті. Олар, біріншіден, 17 «Жалдау» ХҚЕС-да келісімшарттың нысанына қарағанда мазмұнына басымдылық берілетіндігі, сондықтан жалдау операциялық және қаржылық болып жіктеледі; екіншіден, 16 «Жалдау» ХҚЕС-да жалға алушының есебінде қысқа мерзімді жалдау, құны төмен активтерден өзге кез келген жалдауды қаржылық жалдау деп қарастырады. Мұндай жіктеудің басты критерийі активтерді пайдалану құқығын алу шартының орындалуы болып табылады.

Әдебиет:

1. 17 Халықаралық қаржылық есептілік стандарты (IAS) «Жалдау» - <http://www.minfin.gov.kz>
2. 16 Халықаралық қаржылық есептілік стандарты (IFRS) «Жалдау» - <http://www.minfin.gov.kz>
3. Алдарова Т.М.. Учет аренды у арендатора: анализ положений МСФО (IAS) 17 «Аренда» и МСФО (IFRS) 16 «Аренда»// Аудиторские ведомости. – 2016. - №6, б. 41-56

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА

Усабаев А.

Казахский Национальный Университет имени аль-Фараби, г. Алматы,
Республика Казахстан
E-mail USSABAYEV@nationalbank.kz

Государственный аудит — это вид профессиональной деятельности, направленный на повышение эффективности управления национальными ресурсами, важнейшими из которых являются государственные финансы, собственность, природные богатства, интеллектуальный капитал. Государственный аудит не сводится исключительно к проверке финансовой отчетности государственных структур: его миссией и основной задачей является обеспечение от имени государства и общества независимого объективного публичного контроля деятельности органов власти по управлению вверенными им общественными ресурсами.

Область профессиональной деятельности выпускников включает обеспечение контроля и аудита финансовых и иных ресурсов, находящихся в распоряжении государственных и муниципальных органов власти, организаций и учреждений различных форм собственности, процессов формирования и использования данных ресурсов.

Основные виды профессиональной деятельности магистра связаны с работой в качестве сотрудника контрольно-счетных органов, эксперта и аналитика в органах государственного управления и местного самоуправления, аудиторских, финансовых, банковских и страховых компаний всех форм собственности.

Проблема эффективности государственного управления в настоящее время, пожалуй, является одной из самых актуальных для современных общественных наук.

Государство для того чтобы быть эффективным и в полном объеме справляться с возложенными на него обязанностями по регулированию экономикой и управлению обществом и его обслуживанию, должно быть эффективным и в плане внутренней